ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 13 маусым Іс №1513-24-00-2/1093 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы Б.И.Калиеваның қатысуымен,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«БЮДЖЕТ Проф» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.К.Сайлыбаева
жауапкердің өкілі М.С.Туримбетов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 17 қаңтарда «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (тапсырыс беруші) мен «БЮДЖЕТ Проф» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №7 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшеліктің сипаттамасына сәйкес, жалпы сомасы 370 000 теңгеге 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қызметтерді көрсетуге міндеттелген.

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарт қазынашылық мекемесінде 2024 жылғы 18 қаңтарда тіркелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2024 жылғы 7 ақпанда енгізілген.

Өнім беруші тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер «БЮДЖЕТ Проф» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі, талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, өнім берушіге бірнеше рет шарттық міндеттемелерін орындау жөнінде хат алмасақнын, алайда оның тарапынан міндеттемелер толық орындалмағанын айтып, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюмен келісіп, шартты бұзуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 17.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 18.07.2024, судья Мұкашева С. Е., 22.07.2024
1513-24-3-1/1178

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жауапкерге 2024 жылғы 2 сәуірден бастап бірнеше рет хат жолдап, міндеттемелерді орындауды сұраған.

Жауапкер тарапынан міндеттемелердің орындалғаны жөнінде растайтын құжаттар ұсынылмаған, қай уақытта қашықтықта қызмет көрсетілгені жөнінде қандай да бір деректер, құжаттар тіркелмеген.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Шарттық міндеттемелер жыл бойына орындалу қажет болған, ал талап қоюшыға міндеттемелердің бұзылғаны жөнінде 2024 жылғы 2 сәуірде белгілі болған. Талап қоюшы бұл талаппен 2024 жылғы 16 сәуірде жүгінген.

Бұл ретте, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «БЮДЖЕТ Проф» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «БЮДЖЕТ Проф» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне

Құжатқа қол қойылған: Мұкашева С. Е., 17.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 18.07.2024, судья Мукашева С. Е., 22.07.2024
1513-24-3-1/1178

шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 17.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.07.2024, судья Мукашева С. Е., 22.07.2024

1513-24-3-1/1178